

2023 жылға арналған мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 17 қарашадағы № 2632 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 17.05.2023 № 991 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, 2023 жылға арналған мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

М. Жүндібаев

Әкімдіктің

2022 ж. "17" қараша

№ 2632 қаулысына

қосымша

2023 жылға арналған мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

№	Атауы	Жыл басындағы жұмыс керлердің тізімдік саны (адам)	Ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарының саны, бірлік	Квота мөлшері жұмыс керлердің тізімдік санынан (%)	Ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, белгіленген квота саны (адам)		Мүгедектігі бар адамдар санатына жатқызылған жұмыс керлер жұмыс істейтін жұмыс орындарының саны (бірлік)
					барлығы	оның ішінде 2023 жылға	

1.	"RAUZET Сауда" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	156	0	3%	5	1	4
2.	"А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	1066	68	4%	40	2	12
3.	"Агромашхолдинг КЗ" акционерлік қоғамы	402	24	4%	15	4	1
4.	"Астықжан-Қостанай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	346	0	4%	14	2	7
5.	"ДЕП" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	344	97	3%	7	3	4
6.	"Олжа Агро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	262	0	4%	10	1	2
7.	"СарыарқаАвтоПром" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1925	100	4%	73	6	27
	Қостанай облысы әкімдігі деңсаулық сақтау						

8.	басқармасы ның Қостанай қаласының № 4 емханасы" коммуналд ы қ мемлекеттік кәсіпорны	434	29	4%	16	1	7
	Барлығы	4935	318		180	20	64

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК